

А 2010

21582к

ӨТӨШ ҚЫРҒЫЗБАЕВ

СОЗАҚ  
КӨТЕРІЛІСІ





А 2010/21582к

Өтөш ҚЫРҒЫЗБАЕВ

СОЗАҚ

КӨТЕРІЛІСІ




Өтөш ҚЫРҒЫЗБАЕВ

---

**СОЗАҚ КӨТЕРІЛІСІ**





И 2010/21582к

**Өтеш ҚЫРҒЫЗБАЕВ**

# **СОЗАҚ КӨТЕРІЛІСІ**

*деректер, естеліктер*



**АРҚАС**

**Алматы**

**2003**

94(574), 19<sup>4</sup>

ББК 63.3 (5Қаз)


Қ 88

**Қ 88** ҚЫРҒЫЗБАЕВ Ө.  
Созак көтерілісі, деректер, естеліктер — Алматы.  
«Арқас», 2003.—148 бет.

ISBN 9665-9249-0-2

Кезінде “бай-құлақтар мен молдалардың кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық қарулы көтерілісі” ретінде насихатталып келген қанды Созак оқиғасына 2005-жылы ақпан айында 75 жыл толады. Еліміз егемендігі мен тәуелсіздігіне қол жеткізген уақытта, ақиқат астары ашылған Созак көтерілісі казак тарихында айтулы оқиға болып қала береді.

Бұл кітапқа күнкөріс көзі — төрт түлік малын өсіріп, сахараны кең жайлаған момын елдің жадағай тұрмысына жедел түрде “ағаш қасық пен тостақты—тарелка мен шанышқыға ауыстырып”, күштеп отырықшылыққа көшіріп, колхозға біріктіруді көздеген Голощекиннің солақай саясатына қарсы бас көтерген халық наразылығы туралы тарихи деректер мен көне көз қарт куәгерлердің естелік әңгімелері арқау болған.



Қ 0503020905  
00(05)—03

ББК 83.3 (5Қаз)

ISBN 9965-9249-0-2

© ҚЫРҒЫЗБАЕВ Ө., 2003

## ӘЛҚИССА

*Қарт Қаратау, Бетбақ пен Көкшеқұмның арасы,  
Қоян-қолтық күн кешкен бұл қазақтың баласы.  
Мұңы да бір олардың, қуанышы және ортақ,  
Ағайын, жекжест, бауырлас жоқ та еді аласы.*

*Саясатты бұрмалап, насихаттап белсенді,  
Сырттан келген басшыға, аңғал байғұс ел сенді.  
Көздегені бас қамы, әрекеті залымдық,  
Мал-мүлкінен айырған ел олардан сескенді.*

*Ала бөтен бұл елге үйіп-төкті азапты,  
Бейбіт жатқан бейкүнә жазығы не қазақтың.  
Елді бұзар белсенді, сатқындары ішінде,  
Маңдай соры о бастан бес елі бұл Созақтың.*

\*\*\*

*Бұл Созақта қазақтың қаны судай аққан,  
Аспанын қара бұлт мұнар жапқан.  
Сахарада көмусіз бас сүйектер,  
Зұлмат жылдар куәсі содан жатқан.*

*Бас сүйектер «сөйлесе» не дер еді ?  
Қабырғаңыз сөгіліп кетер еді.  
Қаратаудан күнгейге босқан елдің,  
Ащы зары құлаққа жетер еді.*

Қатыгез мезгілдің бұл өларасы,  
Пенденің тағдыр жазса көнер басы.  
Далада қаңғып қалған бейкүнә елдің,  
Болды әжік, жаужұмырмен жеген асы.

Бұл Созақта қазақтың қаны судай аққан,  
Қара су қасіреттен теріс аққан.  
Қайда екен жаяу-жалпы шұбап кеткен,  
Сол жылдар бабаларым асу асқан.

Бұл Созақта қазақтың қаны судай аққан,  
Мал бағып сахарада бейбіт жатқан.  
Жазығы не, бейшара момын елдің,  
Зеңбірек, винтовкамен баудай атқан.

Қорғансыз қазағым-ай ажал құшқан,  
Жем болған жортқан аңға, құсқа ұшқан.  
Тапталды табанына керзі етіктің,  
Әскердің суық қару жер қайысқан.

## «АША ТҰЯҚ ҚАЛМАСЫН, АСЫРА СІЛТЕУ БОЛМАСЫН»

Талай тағдыр тауқыметін бастан өткерген Созақ елінің тарихы тым әріден басталады. Көне деректерде, жылнамаларда бұл аймақтың аты жиі кездеседі. Тоғыз жолдың торабына, Ұлы Жібек жолының сорабына орналасқан бұл өлкенің ертедегі өмірі қазақ хандығының іргесі қаланып, қалыптасуымен тығыз байланысты болып келеді. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның Теріскейдің көне тарихын зерттеп, кейінгі ұрпаққа құнды дерек қалдырып кетуі де тегіннен тегін болмаса керек: “Қаратаудың солтүстік бөктерінде қазіргі Созақ поселкесінің жанында сол аттас Қамалқала болған, ол қазақ жерін біріктірудің бастапқы кезеңінде қазақ хандарының тірегі болған. Созақ қырға жақын тұрған ірі сауда-қолөнер орталығы болды. Онда көптеген керуен сарайлары, тұрғын үйлері мен сауда үйлері және қолөнер тауарлары, атап айтқанда, былғары, ұста, зергерлік және керамикалық тауарлар өндіретін шағын шеберханалары болды”.

Тіршілік оты маздаған бұл өлкені мекен еткен адамзат ұрпағы небір зобаландарды, сыртқы жаудың басқыншылық жойқын шабуылдарын бастан өткеріп, мекендері қирап, бас көтерер ер азаматтары қырғынға ұшырап, қансырап, өмір қайта маздап, жанып, жалғасып отырған.

Жазушы Әбіш Кекілбаев “Үркер” романында жоңғар



шапқыншылығына ұшыраған кең байтақ өлкені былайша суреттейді: «Содан бұлар Созаққа келді. Тып-типыл. Шашылған кесек пен көлденең түскен өліктен ат сүрініп жүре алмайды. Аңадай-анадайдан ит ұлыды. Басқа тіршілік дыбысы естілмейді.

Содан бұлар Шолаққорғанға келді. Бұл да тып-типыл. Қираған үй. Шашылған қазан-аяқ. Жайрап жатқан өлік.

Баба-атаның басы да жым-жырт». (254 бет).

Дәл осындай алапат жойпат, қызыл қырғын бергі кеңестік “қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған” дәуірде, яғни, 1930-жылдың ақпан айында да қайталанған еді.

Көне Түркістанды қазақтың кең сахарасы Бетпақдала, Сарыарқамен жалғастырып жатқан өткел, арқау өлкені ен жайлаған қалың елдің басына қара бұлт үйіріліп, зобалаң күн туады. Шектен асқан зорлық-зомбылыққа, алдындағы малын тартып алып, аштыққа, қуғын-сүргінге ұшыраған елдің соңғы тұяқ серпуі - дәрменсіз наразылығы ажал сепкен сақылдаған станокты пулеметтің, винтовка мен ауыр зеңбіректің от жалынды оғымен аяусыз басылады.

\* \* \*

«Қазақстанда көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарды белгілеу туралы» Қазақ АССР Халық Комиссарлар Советінің 1928 жылғы 3-қыркүйектегі қаулысымен Созақ ауданы өз алдына шаңырақ көтереді. Аудан шөлейтті және жартылай шөлейтті аймақ болып есептеліп, көлемі 47268 шаршы шақырым жерді алып жатыр. Қаратаудың терістігіне орналасқандықтан Теріскей елі деп аталып кеткен Қаратау, Көкшеқұм, Үлкен Шу және Құр Шу алты болыстан тұратын Сырдария губерниясының қол астындағы Түркістан уезінің қарамағына кіретін, Еуропадағы Бельгия, Люксембург сияқты бірнеше мемлекет еркін сиып кететін кең байтақ өлкеде 1928 жылдары түтін саны 12 мыңнан асқанын, ауданды мекендеген елде бір миллионға жуық қой-ешкі болғанын тарихи деректер дәлелдейді. Алғашқы жылдың өзінде ауданда өгіз арба, ағаш соқа, қарапайым қол еңбегі құралдарымен еңбек еткен халықтың күш-қуатынын

арқасында егістік көлемі де едәуір өсті. Мұның есесіне жеке шаруалар шаруашылықтарына салық салу шамадан тыс артты.

1929 жылғы қарашада БКП (б) Орталық Комитетінің Пленумында шаруаларды еріксіз тездетіп коллективтендіру мәселесі күн тәртібіне қойылып, бұл жөнінде арнайы қаулы қабылданды. Қазақ өлкелік партия комитетіне (1925-1931 ж.ж.) жетекшілік еткен П.И.Голощекин “мейлінше қысқа мерзім ішінде отырықшылыққа көшуді” бұйырды. “Мен біздегі колхоз қозғалысы КСРО-ның өзге аймақтарымен салыстырғанда баяу жүретін болады деген пікір естідім. Мен мұндай пікірді теріс деп санаймын” — деді П.И.Голощекин 1929 жылғы желтоқсанда. Ал, 1930-жылғы қаңтар айында “Біз колхоз құрылысының қарқыны жағынан Одақтың ең озық аймақтарынан тіпті де артта қалып отырған жоқпыз”, — деп мәлімдеген еді.

Міне, осыдан барып, жаппай басталған колхоздастыру ісінде бұрмалаушылық, асыра сілтеушілік жер-жердегі сияқты Созақ ауданында да өрескел түрде орын алды. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» деген ұранды бетке ұстағандар коллективтендірудің лениндік принципін өрескел бұзып, халықтың қолындағы сауын және ұсақ малдарын сыпырып алып, ортақтастыруға салды.

П.И.Голощекин БКП (б) Орталық Комитетінің Пленум қаулысын аянбай, бар ынтасымен орындауға бел шеше кіріседі. Республика бойынша селолар мен ауылдарға өлкелік, округтік партия, кеңес органдарынан төтенше, аса қатал нұсқаулар мен ерекше құқықтар берілген уәкілдер жіберілді.

Созақ аудандық партия комитетінің пленумы шақырылып, оның жұмысына барлық ауыл, қыстақтардың басшылары, партия ячейкаларының хатшылары, сот, прокуратура, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының активтері қатыстырылады. Пленумда күн тәртібіндегі баяндаманы аудандық партия комитетінің хатшысы Күдербек Жүнісбеков жасайды. Пленумда колхоздастыру ісінің алда тұрған міндеттері талқыланады. “Дәулетті адамдар” шамадан тыс көлемде мақта және астық



тапсыруға тиісті еді. Бұл талапты орындамағандар шұғыл түрде компескеге ұшырап, тап жауы ретінде айыпталып, жер аударылатын болды.

Ауданның жергілікті ерекшеліктерін ескермеуден, елдің бәрін теңгермеушіліктен жаппай асыра сілтеушілік орын алды. Асыра сілтеушілік пен әкімшілік-әміршілдік тамыр жайды. Жұрттың мал-мүлкі жиналып алынып, милицияның бақылауымен “отырықшылық орындарына” жөнелтілді. Қарсылық көрсеткендер қамауға алынды, социалистік құрылыстың жаулары ретінде жазаланды.

Коллективтендірудің салқыны бейбіт елге ауыр тиді. Колхозға күшпен енгізілгендер тақыр кедейлікке ұшырап, аштықтың азабын тартады. Қақаған қыста мақта өткіземіз деп аласұрған ел үйдегі жамылып жүрген көрпелерін сөкті, қойларын қырықты, түйелерін күзеді. Төрт түлік мал қисапсыз қырғынға ұшырады. Үйдегі үнемдері — қаптағы бидайлары қағылды.

“1929-жылдың тамыз айының соңына қарай, яғни көтеріліс басталардан бірнеше ай бұрын ауданның партия ұйымы қатал жазалауға ұшырады: пара алды, басқаның еңбегін қанады, қалың мал алды, әртүрлі топшылдыққа қатынасты, байлармен байланысы бар деген түрлі сылтаулармен 21 адам партия қатарынан шығарылды. Партия ұйымы қатарында 46-ақ адам қалды. Оның да үшеуі сот жазасына тартылып жатты. Партия мүшелерінің 11-і қызметкер, 24-і шаруа, 11-і батырақ болатын. Коммунистер деген аттары болмаса олардың 26-сы сауатсыз еді...

Мысалы, 1928 жылдың басынан 1930 жылдың қаңтарына дейін аудандық партия комитетінің бірде-бір пленумы шақырылған жоқ... Партия ұйымдарының тірлігі де осындай болды. Коммунистер мен комсомолецтер бас қоса қалса күнделікті күйкі тірліктен аса алмады. Оның есесіне олардың пысықайлық көрсетіп, белсенділік танытатын жерлері — тартып алынған заттарды тізімге алу, мүмкіндігінше көп затты тартып алу болды. Өздерінің іс әрекеттерін түсіндіру, бұқараның көңіл-күйін білу бұлардың ойларына да кіріп-шықпады. Осылайша коммунистер мен комсомол мүшелері халыққа жексұрын тұлғаларға қалай айналғандарын өздері де білмей қалды...

Ауылдық Советтің бұйрықты орындау әдісінің қандай тұрпайы және қарапайым болғанын Идельман мен Құлсартов басқарған “коммунистік отряд” мүшелері көтерілісті басу үшін Шолаққорғанға келгенде өздері де көрді. Олар күн өте боранды болғандықтан 10 жылы бас киім және бірнеше сырт киімдер беруді талап етеді. Ауылдық Совет төрағасы ауқаттырақ семьялардан сұралған нәрселерді үйлерінен алып келуді талап етудің орнына жиналысқа келген көпшіліктің бас киімдерін сыпырып ала бастайды.

Жұрттың тондары мен ішіктері күшпен тартып алынды. Бас киімдерінен, тондарынан айырылған адамдар сақылдаған сары аязда тақиямен, жеңіл киімдермен ғана қалады”.<sup>1</sup>

Сол бір зұлмат 1930-жылдың ақпан айының басында небәрі бір жетіге жетер-жетпес уақыт ішінде тынық күнде кенеттен көтеріліп, дүниені алай-түлей етіп ұйтқи соққан құйындай өте шыққан ірі тарихи оқиға ретінде ұрпақ санасында жаңғырығы өшпей келеді. Нәубәт жылдары Теріскей өңірінің халқы тар жол, тайғақ кешу, шеттету мен азаптаудың неше түрлі қияметтерін бастан өткерген екен.

Көтерілістің соңы шағын ел тұрғындарын жаппай қудалауға түсіріп, мал-дүниесін күштеп тартып алып, соңы ұзақ жылдық аштыққа, халықтың құтты қонысын тастап, басы ауған жаққа көшіп, босқыншылыққа ұшырауына ұласады. Қиын-қыстау кезенді бастан өткерген ересек кісілердің ертеректе айтып отырған әңгімелері жадымызда қалып қойыпты. “Аштықтан өзегі талған ауылдасымыз ешбір амалы қалмай өлуге айналған соң жалғыз баласын сойып жеуге бел буып, пышағын қайрап отырған көрінеді. Сол кезде сырттан сарт-сұрт еткен дауыс естіледі. Әлігі кісі жүгіріп далаға шықса үй сыртында екі арқар сүзісіп, мүйіздері байланысып қалған екен. Алла тағаланың бұйрығымен Ибраһим /ғ.с./ ұлы Исмағұлды бауыздағалы жатқанда көк қошқарды жерге түсіргені тәрізді арқардың екеуін де пышаққа іліндеріп, жалғыз бала аман қалыпты.

Созақтан күнгеіге тау асып қашқан босқындарға

<sup>1</sup>Т.Омарбеков “Созақ көтерілісі”

“Молшылық үшін” газеті. 1990 жыл 5 маусым.



ілескен соңынан үш баласын ерткен ана ұзақ азапты жолда екі баласынан айырылады. Соңғы нәресте де талмаусырап өлуге айналады. Әйел-ана қалын отырықшы елге қосылып, баласы екеуі аман қалыпты. Кейін тірі қалған бала ер жетіп, азамат болып, күнгедейгі бір ауданда “райкомның секретары” болған екен.

Мойынқұмда әжік, жаужұмыр деп аталатын өсімдік түрлері өседі. Ұзын сабақты тамыры сәбіздің үлкендігіндей. Сол аштық жылдары иен далада, тау-таста, құм-жалда босып жүрген ел әжік пен жаужұмырды талшық еткен.

Отызыншы жылғы көтерілістен бастау алған аштық жылдарын, одан кейінгі ел басына төнген қауіп-қатер Ұлы Отан соғысының ауыртпашылығын көрмей, бергі бейбіт заманда өмірге келген кейінгі ұрпақ — біздер үшін сол кезеңдер қиямет қайымның ертегісіндей болып көрінеді.

Сол көтеріліс бейкүнә ұрпақ біздерге де зардабын тигізбей қойған жоқ. Ауылда өсіп, ер жетіп, мектеп бітірген соң қалаға жоғары оқу орындарына барғанымызда өзіміз қатарлас жастармен танысып, қайдан келгенімізді айтқанда “Аллахудың жерінен келген екенсіңдер ғой. Сендердің ата-бабаларың совет өкіметіне қарсы шыққан” — деп “айыбымызды бетімізге басқандай” болады. Түсінігі бар ересек жандардың өздері де бізге сезікпен, күндікпен қарайды. Ұзақ жылдар қатып-семіп қалған қағида-пікірдің салқынын байқайтынбыз.

Көтерілістің зардабынан ауданнан небір іскер азаматтар ұзақ жылдар басшылық қызметке жоғарыламады.

Осының бәрі елу мыңнан астам адам өмір сүріп жатқан Созақ ауданының халқына кері әсерін тигізбей қойған жоқ.

Созақ бүліншілігі туралы мерзімдік баспасөз беттерінде қаламгерлердің, ғалымдардың мақалалары, зерттеу еңбектері жарияланды. Ғалым Талас Омарбеков, жазушы Мұхамеджан Рүстемов, Созақ ауданында тұратын қаламгерлер Дулат Тұрантегі, Жарылқасын Боранбай, Сүлеймен Тәбірізовтер бұл тақырыпты егжей-тегжейлі зерттеп кітаптар жазды, мақалалары газет-журнал беттерінен тұрақты орын алып келеді. Қазақ тарихында ақтандақ болып өшпестей із қалдырған Созақ көтерілісі туралы алда әлі талай кітаптар жазылар, зерттеу

материалдар жарық көрер. Әрбір қалам тербеген жан бұл оқиғаны елге беймәлім қырларынан ашуға ұмтылар, өзіндік көзқарас-тұжырымын жеткізер.

1930-жылғы Созақ даласында болған халықтың бас көтеруі бодандыққа, ескі жүйенің қанды шеңгеліне қарсы бостандыққа ұмтылған қарапайым халықтың жан айқайы, наразылық үні еді. Зорлық-зомбылықтың, асыра сілтеушіліктің төбеден төнген қара бұлтын кейін серпіп тастауға бағытталған халық наразылығы демократиялық қозғалыстың ұшқынын тұтатты. Өткен тарихқа үнілетін болсақ қай дәуірде, қай кезеңде болмасын билік басындағылар, қолында күші барлар жеңіске жетіп отырған. Созақ көтерілісі де аяусыз жаншылды, соңы ұзақ жылдық қуғын-сүргінге, бүкілхалықтық жаппай аштыққа, қырғынға ұшырады. Көтеріліс басылып, одан кейін де ескі жүйенің табанында тапталып, көмескіленіп, ұзақ уақыт әділетті тұрғыдан бағасын алмай келгенін уақыт төреші айғақтап отыр. Кеңестік дәуірде орныққан тәртіпке, қыспаққа шыдамаған бойында ұлттық намысы атойлаған жандардың тас бұғаудан шығуға ұмтылған бұлқынысы дер кезінде тұншықтырылғанымен қазақ даласына аққан жұлдыздай із тастап кетті. Арада талай уақыт өтсе де сол ұшқын жалынға айналып, халық санасында сәулесін қалдырды. Ертелі-кеш арындаған ағыстың алдын бөгеп тұру мүмкін емес екенін уақыт дәлелдеді. Сексен алтының желтоқсанында Алматыда алаңға шыққан жастарымыз халықтың жаппай наразылығының дүмпуін тағы да қайталап, бұлтты күнгі жай оғындай қараңғылық түңлігін қақыратып өтті. Тас құрсау, темір бұғауды бұзып-жарып, жарқын болашаққа жол ашты. Созақ көтерілісін “байлар мен бандиттердің”, ал сексен алтының желтоқсанындағы жастар қозғалысын “кулигандардың” бас көтеруі деген жансақ пікір өзінің ақиқат бағасын алды.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев 1998-жылы наурыз айында Алматыдағы зиялы қауым өкілдерімен кездесуінде сөйлеген сөзінде: «Біз өз тарихымызды өзгелер тұрмақ өзіміз де толық таныта алмай келе жатқан халықпыз. Зерттемесек, жазбасақ, жарияламасақ кім, не деп таниды. Қалай мойындайды?»



...Бір ғана цифрды айтайын. 1932 - 1933 -жылдары қолдан жасалған ашаршылық пен репрессия кезінде республикамызда 1 миллион 750 мың адам құрбан болған екен. Бұл дегеніміз — сол кездегі қазақ халқының 42 проценті. Бір жылда халықтың жартысына жуығынан айырылған бізден басқа ұлт бар ма екен дүниеде.

Тек осы үшін, тек осы сұмдық үшін ғана санымыз өнбей, өркеніміз өспей, талай жылдар бойына өз жерімізде, өз елімізде аз ұлт болып келгеніміз үшін ғана, сонан кешегі күнге дейін намысымыз жасып, сағымыз сынып қалғаны үшін ғана қазақтар, тоталитаризм атаулыға лағнет жаудырып, балаларымыздың балаларының балаларына: “Демократияның қадірін біліндер!” — деп өсиет айтуымыз керек» — дегені халқымызды толғандырған келелі мәселенің басын ашып бергендей. Өткен тарихты жетік білмей, оның ащы сабағынан тағлым алмай болашаққа нық қадам баса алмасымыз да белгілі.

Созақ өңірінің тарихы тым әріде жатқанын көне мұрағаттар дәлелдейді. Бұл өлкенің Ұлы Жібек жолы бойында орналасуы, бүкіл мұсылман әлеміне даңқы мәлім Ысқақ баптың, Бабай Түкті Шашты Әзиздің, Қарабура әулиенің осы аймақта өмір сүріп, мәңгілік мекенге айналдыруының өзі көп жайттан хабар берсе керек.

Заманымыздың кемеңгер-жазушысы Мұхтар Әуезов 1961-жылы Созаққа келген соңғы сапарында: “Қолды бір босатып алып, зерттер ме еді, шіркін” — деп айтуы да бұл өңір-тарихының қатпар-қатпар екенін дәлелдесе керек. Ықылым замандардан бері небір қанды оқиғаларды басынан өткерген шежірелі өлкеде талай ұрпақтар легі өмірге келді.

Осы кең байтақ өлкеде негізгі күнкөріс көзі төрт түлік мал өсіру болып табылатын аймақ халқы көшпенді тұрмыс салтын бастан кешірді. Талай ғасырлар көшіп-қонып шашыранқы жүрген елді ауылшаруашылығына біріктіру, коллективтендірудің қаурыт қолға алынған шаралары бейбіт жатқан Созақ даласын да шарпыды. Орталықтағы партия саясатын жүзеге асырушы Голощекин бастаған топ, оның төңірегіндегілер коллективтендіру ісін науқандық шараға айналдырып, оны орындауға белсене кіріседі. Бұл

кезең- кезеңімен жүзеге асырылуға тиісті көшпенді шаруашылықтарды отырықшылыққа айналдыру қысқа мерзімде аяқталуға тиіс болғандықтан асыра сілтеушілік, зорлық-зомбылық кең орын ала бастады. Солақай саясаттың зардабынан іргесі шайқалған ауыл шаруашылығы күйреуге ұшырай бастайды. Көшпелі халыққа шамадан тыс салынған ауыл шаруашылық салықтары көптеген шаруаларды тығырыққа тіреді.

Шаруаларды коллективтендіру ісінде жергілікті партия, совет қызметкерлері, ауыл-ауылға жіберілген уәкілдер партия алға қойған міндеттің түпкі мақсатын жетік түсінбей бұрмалаушылыққа жол берді. Олардың тиісті нұсқаумен жұмыс атқаруға саяси сауаттылығы, білімі жетпеді. Қолдарындағы күнкөріс көзіне айналдырып отырған малдарынан айырылған жандарда сенімнен көрі күдік басым еді. 1928 жылдың 27 тамызында Қазақ АССР Орталық атқару комитеті мен халық комиссарлар Советінің ірі байларды, жартылай феодалдарды жер аудару жөнінде қаулысы қабылданды. Іле-шала осы жылдың қыркүйегінде ауданда он адамның дүние-мүлкі, азын-аулақ малы конпескеленіп, үй-ішімен жер аударылады. Бұл азаматтар “өзінің байлығы жөне ықпалымен ауылдарды советтендіруге кедергі келтіріп отырған жергілікті ұлттардың байлары — жартылай феодалдары” қатарына жатқызылды. Жоғарыдан болған нұсқауды орындаушылар, ауылдағы партия, совет қызметкерлері, белсенділер: “Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!” деген ұранды негізгі басшылыққа алып, қимыл жасады.

Ауыл шаруашылығы салықтарын төлей алмаған азаматтар мал-мүліктері тәркіленіп, қол-аяғы маталып, ат арбамен Созақтың түрмесіне қамалды. Абақтыға әділетсіз қамалған адамдарды босату жөніндегі халықтың орынды тілегін тиісті билік орындарының басшылары елеп, ескермеді.

«Колхозға бірікпейміз» деген сөздер әр ауылдан шыға бастайды. Белсенділер оларға салықты аямай салды. Ұсақ малы жоқ орташа кедейлерге дейін жүн, тері, астық, мақта салығын салды. Әр тұстан наразылық асқына берді. Он екінші ауылда зәбір-жапа көрген азаматтардың біразы бас



қосып әркім өзінің өкіметтен, белсенділерден көрген қорлықтарын бір-біріне мұң етіп шағады. Осы бас қосудың соңы халықты зорлық-зомбылыққа қарсы бірігуге, “бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруға”, ортақ пәтуаға келуге саяды. Егер бірікпесек осы тартқан азабымыз азап, өлсек те басымызды көтере жығылайық деген тоқтамға келеді.

Әр ауылдан қатысқан азаматтар өздерінен қол жинап шығуға келіседі.

Ақпанның басында “Созақта абақтыда камалып жатқандарды Түркістанға айдап кеткелі жатыр екен” деген көуесет онсыз да тұтанғалы тұрған отқа май құйып жібергендей болады. Кеуделерін кек кернеп, ашудан булыққан елдің азаматтары алдын-ала келісілген уақытта ақпанның 7-жұлдызында таң ата бас қосып, талайдан қорлық көрсетіп, тізелерін батырған “Шаш ал десе, бас алатын” шолақ белсенділерді жаппай сабауға, соққыға жығуға, кек қайыруға кіріседі. Бас көтерушілер қолына не түссе сонымен таяқ, орақ, балта, айырмен “қаруланып” ашу-ызадан көздеріне қан құйылып, мұның соңы немен тынарына есеп бермей кооперативтерді, қамбаны, дүкендерді тонады. Абақтының есігін бұзып, қамауда жатқан адамдарды босатып алады. Көшеге шыққан көтерілісшілер мандайларын ақ сұрыппен байлап, ақ ту көтеріп, кеңес органдары мекемелеріне басып кіріп, қызметкерлерді ұрып-соғып, көшеге сүйреп алып шығып азаптайды.

Созаққа келіп кірген көтерілісшілерге қыстақтағы белсенділерге бұрыннан ашу-ызасы, кегі бар ел азаматтары қосылып, дүрлігушілікті одан әрі ушықтырып жібереді. Кеңселердегі іс қағаздары өртеледі, бұрыннан елдің наласына ұшырағандар кешеге сүйреп шығарылып, азапталып өлтіріледі.

Бойларын ашу-ыза кернеп, көшеге шыққан нөпір халықтың алғашқы құрбандары аудандық партия комитетінің хатшысы К.Жүнісбеков, аудандық атқару комитетінің төрағасы Д.Қаңлыбаев, аудандық халық соты Ә.Темірбаевтар болды. Оларды таң ата үйлерінен сүйреп көшеге шығарып, соққыға жығып, аяусыз азаптап өлтіреді.

Кектен, ашудан көздері тұнған ертеңгі күнге байыптап ой жібермеген сахараның қалың қазағы аттылы-түйелі, жаяу-жалпылы аш қасқырдай көше-көшені тінтіп, өздеріне зорлық-зомбылық көрсеткен шолақ белсенділерді шарк ұрып іздеп жүрді. Аудандық партия және атқару комитеттерінің кеңселері от жалынға оранады.

Ашық күнде найзағай отындай тосын естілген хабар сол күні-ақ жан-жаққа тарап кетеді. Түркістандағы ОГПУ-дің Созақ ауданы бойынша уәкілі Ж.Тыныштықбаев жоғары орындарға хабарлап, сол жақтан қарулы отряд алып қайтады.

Бұл қанды оқиғаның ізін суытпай жазалаушы отрядтың келетінін көтерілісшілер алдын-ала болжаған. Қорғану мақсатында Қаратаудың Суындық асуы мен Балықшыға бекініс құрады. Осы Балықшы асуында Салықбай бастаған мергендер тобы әскермен атысып, біраз шығынға ұшыратып, қалғанын кері шегіндіреді. Осы алғашқы әскермен болған қақтығыста ОГПУ қызметкері Ж.Тыныштықбаев оққа ұшады.

Сұлтанбек хан сарбаздарымен Қоғашықта Түркістаннан шыққан Исаевтың отрядымен кездеседі. Отряд тау-тасқа бекініп алған сарбаздарды оңай ала алмайды. Исаевтар әскеріне Қызылордадан Поляковтің, Ташкенттегі әскери училищеден Малышев бастаған курсанттар келіп қосылады. Мықты әскери дайындықтан өткен, мылтық асынып, ауыр зеңбіректер сүйреткен отряд жауынгерлері шокпар, айыр, ішінара шиті мылтықпен қаруланған дала қазақтарын тықсырып-ақ тастайды.

“Көтерілістің бастауы болған бірінші ауылдың және көптеген көрші ауылдардың адамдары көтерілісшілерге тілектес ниетте болған. Алғашқы күні-ақ көтерілісшілер қатарында аудандық атқару комитетінің әскери столының меңгерушісі Батырбек Жүнісбеков және кооператив сатушысы Шөкей Дайырбеков өзінің адамдарына құлшына қосылды. Және партия - кеңес қызметкерлерінің пәтерлеріне басып кіріп оларды тонауға атсалысты”.

Аудан басшыларының бәрі өлгенде сен қалай тірі қалдың? Көтерілісшілерге қосылғансың — деп Жүнісбеков Батырбекті Түркістанға айдап кетіп, содан мерт болады“.

*Ауыл ақсақалы Колхоз Сақұлының әңгімесінен.<sup>2</sup>*

Өздеріне көрсетілген билік орындарының зорлық-зомбылық, қиянаттарына, шектеп тыс қыспағына шыдай алмаған халықтың бостандыққа ұмтылуы «бандылардың бүліншілігі» деген атқа ие болды. Олардың оққа, қырғынға ұшырауы жат элемент, тап жауларының жойылуындай, үлкен жеңіс ретінде дәріптелді. Зеңбірек, винтовкалардың тегеурініне тойтарыс беру мүмкін болмайтындықтан сарбаздар кері шегініп, қашып жүріп атысады. Созақ қыстағына бүлікшілдерді тықсырып келген отряд Көктөбенің төбесінен зеңбіректен елді мекенге қарай оқ атқылайды. Бандылардың негізгі шоғырланған ошағы болып көрінген қыстақтың бейбіт тұрғындарының үйлерінің төбесі ортасына түсіп, бейкүнә қарттар, әйелдер мен жас балалар оққа ұшып, құрбан болады.

— Ол кезде Көктөбенің төңірегінде тұратынбыз. Тау жақтан келген сүйреткен зеңбіректері бар атты әскер төбе басына жиналып кеңес құрды да ата бастады. Гүрсілдеген дауыстан үрейіміз ұшып, үйге тығылды. Бұрын-соңды естіп көрмеген зеңбірек үні жер-көкті сілкіндіріп, үлкендер сыртқа шығармай «Құртты, қырды» — деп шуласып жатты, деп еске алады ауыл ақсақалы Өтеміс Өтегенов қария.

«Созақ ауданында 12-16 ақпан аралығында болған соғыста 126 бандиттер, 16-ақпандағы Созақ қыстағы үшін болған шайқаста 200 бандиттер жойылды да, қолында қаруы бар 200 белсенді бандиттер табанда атылды. Қолға түскен және оперативті іс-шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде бандиттері, дем берушілері, үгітшілері, сондай-ақ барлаушылары бар 389 адам тұтқындалды. Бандыларды жою барысында хан және оның ұйытқысы болған орталығы талқандалды. Созақ операциясының нәтижесінде 290 ат, 20 түйе, 150-дей оқ-дәрімен атылатын қару, 100 шамалы суық қару қолға түсті.

Қаза болған, атылған бандиттердің, контрреволюциялық қозғалысқа қатысқандардың, бандитизммен зардапталған аудандарда контрреволюциялық іс-әрекет жүргізген ірі

<sup>2</sup> Е. Жаксымбетов «Батырбек»

«Молшылық үшін» газеті. 1996-жыл, 16-желтоқсан.



байлардың дүние-мүліктерін, малдарын конфискілеуге дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр».<sup>3</sup>

Тарихи құжаттарда көтеріліс басшысы болған Сұлтанбектің бүлікті бірден-бір ұйымдастырушы, бұл бас көтеруге жан-жақты дайындалған, ауыл-ауылда өзінің кеңесші-үгітшілерін әзірлеп, солармен қоян-қолтық жұмыс атқарғанын, ислам дінін уағыздап, осы қасиетті жолда ештеңеден аянбауға үндеген ұрандар тастағанын, қыстақта арнайы хан штабы жұмыс істегенін, елдегі дәулетті байлар мен ру басшылары арасында ықпалының зор болғандығын жазған деректер де бар. Хан штабы жалпы саны 2384 сарбазды топтастырған, ақпанның 8 мен 16-сы аралығында жұмыс істеген.

Хан штабы суық қаруларды дайындайтын ұстаханалар ашып, оқ-дәрімен атылатын мылтықтарды жөндеген, қылыш, найза басқа да суық қарулар жасаумен айналысқан. Көрші Сарысу, Талас, Шаян, Түркістан аудандарына өз үгітшілерін жіберіп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген болып шығады.

Шындығында мұның бәрі жергілікті халықтың асқынған ашу-ызасынан туған кең көлемде жоспарланбаған стихиялы түрде бас көтеруін қан жоса етіп басқаннан соң оған ірі саяси мән беріп, елеулі тарихи оқиға — тап күресі ретінде бадырайтып көрсетуді мақсат етуден туған.

Көтерілістен кейін оған қатысушылардың жақынтұыстарын, ауыл-ауылдан күдікті адамдарды тұтқынға алу ұзақ уақытқа созылады. Зорлық-зомбылыққа шыдас бермеген халықтың наразылығы, еркіндікке ұмтылған дәрменсіз әрекеті қанды қырғынға, жаппай жазалауға айналған соң аман қалғандары бас сауғалап, жан-жаққа тарыдай шашылып қашты. Тау-таста, сусыған құмда аштыққа, шөлге ұшырап, шыбындай қырылып жатты.

Адам тағдырын тәлкекке ұшыратқан жазалаушы отряд жоғарының берген тапсырмасын бұлжытпай орындады. Созақтың төңірегінде көмусіз қалған өліктер, ит-құсқа жем болған шашылған адам сүйектері көп болды. Сол Созак

<sup>3</sup> М. Рүстемов "Созак қасіреті" 70-76-беттер.

көтерілісі болған аз ғана күннің ішінде 500-дан астам адамның ажал құшуы, 200-дей адамның табан астында атылып тасталуы, 400-ге жуық адамның тұтқынға алынғаны туралы деректер бұл көтеріліс зардабының қаншалықты ауыр болғанын дәлелдесе керек.

Малынан айырылған сахара елінің бұдан кейінгі өмірі аянышты еді. Ықылым замандардан бері күнкөріс көзі — төрт түлік малынан айырылған ел тігерге тұяғы қалмай ашаршылықтың қанды шеңгеліне ілігіп, зобалаңға ұшырайды. Бұрын-сонды мұндай қиямет-қайымды көрмеген халық төбесінен жай түскендей ата жұртын тастап, топ-топ болып, жаяу-жалпылы күнгейді бетке алып, тау асып, аш-жалаңаш, сусыз-елсіз далада шұбырындылыққа, қырғынға ұшырайды. Ата-ана баласынан көз жазып қалған қарғыс атқыр сол аштық жылдары Созак елі де сан мыңдаған адамдарынан айырылды.

«Кіші Октябрьден» тоз-тоз болып «Ақтабан шұбырындыға» ұшыраған ел тау асып, Өзбекстан, Тәжікстанға, Түркіменстанға қарай үдере қашты. Мақсатты жерлеріне жете алмай талай өмір жарым жолда тау-таста қалып, ит-құсқа жем болып, көмусіз қалды.

«Көтеріліс жасаушылар аяусыз жаншылып, жойылған соң оның тамырына бір жола балта шабу мақсатында Сырдария округтік партия комитеті барлық аудандық комитеттерге, бастауыш партия ұйымдарына «Созак, Сарысудың сабақтары және алдағы тұрған міндеттер» деп аталатын хат жолдайды. Бұл партиялық құжатта Сарысу, Созак, Бостандық, Түскістан аудандарында болған қарулы көтерілістің алашордашылардың ұранын көтеріп, совет өкіметіне қарсы ұйымдастырылған бас көтеру деген баға берілген. Осы деректен голощекиндік солақай саясат зардабын округтің өзге де аймақ халқының зардап шеккенін аңғару қиын емес.

«Көсемнің» салқын қабағына тап болып қалармын деп қорықты ма, жоқ әлде оны дер кезінде хабардар ету өзімнің міндетім деп түсінді ме, ол жағын кім білсін, әйтеуір 1930 жылдың наурыз айында Голощекин И.Сталинге жазған жабық хатында төмендегі сөздерді айтыпты:

«Ақпанда біз үш ірі бұқаралық қарулы көтеріліске кездестік.

Біріншіден, Сырдария округінің Созақ ауданында. Аудан малды, рулық қатынастар өте көп сақталған, дінбасылардың ықпалы күшті және Ташкенттегі ұлтшыл басшылықпен тығыз байланысты. Партия - совет жұмысының әлсіздігі және бұрмалаулар белең алып кетті. Бұл көтеріліске төмендегілер тән: көтеріліс басшылары бір ауданнан қатысқан байлар мен ишандар; мұқият даярлық екі айдан астам уақыт жүргізілген көтеріліске халықтың көпшілігі тартылды, оларға аудан коммунистерінің едәуір бөлігі де қосылды. Ұйымдастыру ұраны діни: “Исламның атынан”, “Байларға қарсы кенес заңдарын қолдауға тыйым салу” болды; армияны рулық принциппен, әрбір қатысушының ру басы—байдың қолдауымен ұйымдастыру, әскери шайқастағы жанқиярлық. Біздің жағымыздан 50-ге тарта адам өлді және азапталды. Олардың жағынан шайқаста 400-ден астам шығын болды. Олардың жағынан басқа аудандардың халқын тартуға байланысты жүргізілген көп жұмыстарды біздер дер кезінде талқандадық. Бұл бандиттік бас көтерулерді біздер жойып жібердік. Бұл аудандарға ұйымдастырушылық және бұқаралық жұмыстар жүргізу үшін көптеген қызметкерлер жөнелтілді. /2948-іс, 44-п/”.<sup>4</sup>

\* \* \*

Шымкент қаласындағы облыстық өлкетану мұражайында 1930-жылғы ақпан айында болған Созақ көтерілісінен мәліметтер беретін тарихи деректер мен фотосуреттер жинақталған арнайы папка бар. Осындағы құжаттармен таныса отырып, Созақ көтерілісіне қатысқан “бандылардың” көзін жоюда қаза тапқан қызыл отряд жауынгерлерін жерлеу, олардың отбасы мүшелеріне қаржылай көмек көрсету, ерекше ерлік көрсеткендерін жоғары наградаларға ұсыну, тиісті сый-сияпат жасау туралы жиналыс қаулыларын ұшыраттық.

<sup>4</sup>Талас Омарбеков “Зобалан” 93-94 беттер.



1930-жылғы 22-ақпанда өткен Сырдария аймақтық атқару комитеті президиумының кезектен тыс отырысының күн тәртібінде Созақ ауданындағы байқұлақтардың көтерілісіне байланысты қалыптасқан жағдай туралы мәселе қаралған хаттамасы бар.

Президиум отырысы күн тәртібіндегі мәселе бойынша мына төмендегі мазмұнда қаулы қабылдайды:

Созақ ауданындағы жағдай туралы информациялық хабар еске алынады.

Қаза тапқан шымкенттік жолдастар Ф.В. Клоков, А.В. Леонтьев, А.А. Аузен, И.И. Трегубов, С.Ф. Андреевтерді Шымкент қалалық бағындағы бауырлар зиратына жерлеу:

Олардың отбасыларына көмек ретінде қаза тапқандардың отбасы мүшелеріне өздері еңбек ететін мекеме есебінен ақпан, наурыз, сәуір айларында партмаксимум мөлшерінде 250 сом әр айға, барлығы 750 сом бөлінеді.

Аймақтық қор есебінен әр отбасына 300 сомнан бір мезгілдік жәрдем ақша бөлінеді.

22

Қаза тапқандардың отбасына 150 сомнан жәрдем ақы тағайындалып, ол 1930 жылдың бірінші наурызынан бастап төленетін болады.

ОГПУ-дің Шымкент оперативті секторының хатшысы Самоликтің 12-13 ақпанда Созақ бандыларымен болған шайқаста ерлік пен тапқырлық көрсеткені үшін отряд командирі И.И.Никитенко “Маузер” жауынгерлік тапаншасымен марапаттауға ұсынылғаны туралы құжат көшірмесі сақталған.

Сондай-ақ, республика Орталық Атқару комитетінің бұрынғы Сырдария аймақтық атқару комитетінің бандылармен болған күресте ерекше көзге түскен ОГПУ-дің Сырдария аймақтық бөлімі Шығыс бөлімшесінің бастығы Н.Н.Никитенко, Түркістан ауданы бойынша оперативті бөлімнің өкілі П.Н.Абрамук, Созақ ауданы бойынша өкілі Тыныштықбаевты жауынгерлік Қызыл Ту орденімен наградтау туралы Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетіне 1930-жылы 30 мамырда ұсыныс жасағандығы жөнінде қаулы көшірмесі де бар. Бұдан бөлек “бандылардың” көзін жоюда ерлік көрсеткен қызыл отряд

жауынгерлері аспалы сөмкемен, қол сағатымен де марапатталады.

Осы өлкетану мұражайында отызыншы жылы ақпан айында Созақ көтерілісіне қатысқандарды талқандауға келген қызыл отряд құрамында болған Балтабаев Шәкірдің естелігі сақталған. Естелік ертеде орыс тілінде жазылғандықтан қаңқұйлы оқиғаның барысы нақтылы баяндалады, әрі сол кездегі саяси ахуалдың әсерімен жазылғандығы да айқын аңғарылады.

«Оныншы ақпан күні түнде ВКП (б) Түркістан аудандық комитетінде аудандық партия комитетінің секретары Токжігітов, ОГПУ-дің Сырдария аймақтық бөлімі Шығыс бөлімшесінің бастығы Н.Н.Никитенко, ГПУ-дің аудандық уәкілі Абрамук, аудандық атқару комитетінің председателі Ташметов және аудандық партия комитетінің өкілі ретінде мен өзара бас қостық. Қабылдау бөлмесінде күтіп отырған бір қазақты шақырды. Ол аудан орталығын бандиттер басып алғанын, өз биліктерін жүргізіп жатқанын айтты. Әлгі адам сондағы партия ячейкаларының бірінің секретары болса керек, 9-ақпан күні түнде осылай қарай қашып шығып кеткен.

Біз тез арада коммунистік отряд құру туралы шешімге келдік. Таңертең темір жол мен нан зауыдынан коммунистерден 36 адам жасақталды. Күндіз отряд винтовкамен қаруланып, кешке Түркістаннан шығып кеттік. Отрядты Никитенко басқарды. Он бірінші ақпанда таң ата Ащысай руднигіне келдік. Ол кезде Ащысай руднигі енді істей бастаған, тұрғын үйлердің саны да аз еді. Ол үйлерде адам болмай шықты, тұрғындары үрейленіп шахтаға барып тығылған. Жұмысшылар біздің келгенімізді естіп, үйлеріне оралды. Ащысайдан біздің қатарымызға 34 жұмысшы қосылды, оларға да винтовка берілді.

Осы жерде біздің отряд толық жасақталып бітті. Отряд командирі Якунин, ал Никитенко біріккен отряд бастығы болды.

Он екінші ақпанда таңертең Шолаққорғанға келіп жеттік. Бұл жерден фельдшер Гусевті жолбасшы етіп алып, Созаққа қарай жүрдік. Тау жолымен жүріп отырып, он төртінші ақпанда Созаққа үш шақырымдай таяп келіп